

Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандары мен ведомстволық наградаларының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 27 мамырдағы N 882 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі N 155 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2011.09.30 N 155 Жарлығымен.

Қосымша ведомстволық наградаларды белгілеу және Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының нышандарына өзгерістер енгізу мақсатында қаулы етемін:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" омырауға тағатын белгісінің ;
- 2) "Құрметті шекарашы" омырауға тағатын белгісінің ;
- 3) "Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" естелік медалінің ;
- 4) "Шекараны үздік күзеткені үшін" естелік медалінің ;
- 5) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" естелік медалінің ;
- 6) "ҰҚК-КНБ-Қазақстан" үшінші, екінші және бірінші дәрежелі омырауға тағатын арнаулы белгісінің бейнелері мен сипаттамалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының рәміздері мен ведомстволық наградалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3526 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 22, 191-бап) келесі өзгерістер енгізілсін:

- 1-тармақтағы 3) тармақша алынып тасталсын;
- 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының ведомстволық наградалары болып:

- 1) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" омырауға тағатын белгісі;
- 2) "Құрметті шекарашы" омырауға тағатын белгісі;
- 3) "Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" естелік медалі ;
- 4) "Шекараны үздік күзеткені үшін" естелік медалі;
- 5) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" естелік

м е д а л і ;

6) "ҰҚК-КНБ-Қазақстан" үшінші, екінші және бірінші дәрежелі омырауға тағатын арнаулы белгісі;

7) "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті" естелік медалі белгіленсін. "

3-тармақтағы 3)-6) тармақшалар алынып тасталсын.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің

2002 жылғы 27 мамырдағы N 882

Жарлығымен бекітілген

Омырауға тағатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" белгісінің СИПАТТАМАСЫ

Омырауға тағатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрметті қызметкері" белгісі (одан әрі - белгі) ені 2,5 мм шығыңқы қырлы ернеумен жиектелген көлемді, көтеріңкі, сұр түсті қалқан нысанды. Қалқанның ішінде диаметрі 18 мм көк түсті эмальмен боялған көлемді қондырмалы шеңбер орналасқан. Шеңбердің шеті ені 8 мм алтын түстес жолақпен жиектелген. Шеңбердің ішінде диаметрі 14 мм айшықты шаңырақ суреті салынған. Шаңырақ жолақтарының аралығы 1 мм. Шеңбер мен шаңырақ арасында көлемдікте орындалған 6 нүкте орналасқан. Олардың диаметрі 0,3 мм. Жолақтар мен нүктелер алтын түстес. Шеңбердің екі қапталы мен астында алтын түсті жиекпен көмкерілген көк түсті ленталар орналасқан. Лентаның ені 3 мм. Шеткі ленталардың ұзындығы 21 мм, астыңғы лентаның ұзындығы 20 мм. Шеткі ленталарда "Құрметті қызметкері" мәтіні, астыңғы лентада "Ұлттық қауіпсіздік комитеті - ҰҚК" мәтінінің аббревиатурасы бар. Әріптердің биіктігі 2 мм. Әріптер алтын түстес жазылған. Шаңырақ аясында қондырмалы, көлемдіктегі, алтын түстес металдан жасалған қыран (үйге, халыққа, мемлекетке қызмет өтуді рәміздейді) орнатылған. Қыранның басы солға бұрылған. Дөңгелек қалқандағы нүктелер мемлекет мүдделерінің барлық тараптан (солтүстік, батыс, оңтүстік, шығыс, солтүстік-батыс және т.б.) қорғалуын білдіреді, екі нүктені қыран тасалап тұрған тәрізді. Қонақтап отырған қыранның биіктігі 19 мм, ені 7 мм. Шеңбер мен лента астында, білікті бойлай тігінен көне ұлттық қару үлгісінде айшықталған алтын түстес найза орналасқан. Оның ұштығының биіктігі 5 мм, ені 4 мм. Найза ұштығына бекітілген белгінің көлемі - 12 x 6 мм. Белгінің төменгі

жағында шеңбер мен лентаның астынан ені 2 мм алтын түстес найзаның сабы 10 мм шығыңқы тұр. Сабының төменгі шетінде жеті бұрышты, алтын түстес, сәулелерінде және олардың қиылысқан жерінде қырлары бар жұлдыз орналасқан. Сәулелердің ұзындығы 3 мм. Жұлдыз найзаның төменгі жағынан жұлдыздың ортасына дейін 3 мм қашықтықта орналасқан.

Белгі күміс пен алтын түстес металдан жасалады, бұл белгіге көріктілік түр береді. Белгінің сыртқы жағында реттік нөмірі және наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

Белгінің өлшемдері: биіктігі - 45 мм, ені - 30 мм.

Омырауға тағатын

"Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің

күрметті қызметкері" белгісі

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

Қазақстан Республикасы Президентінің
2002 жылғы 27 мамырдағы N 882 Жарлығымен
бекітілген

Омырауға тағатын "Құрметті шекарашы" белгісінің СИПАТТАМАСЫ

Омырауға тағатын "Құрметті шекарашы" белгісі (одан әрі - белгі) көлемді, көтеріңкі, ені 1 мм қырлы ернеумен жиектелген алтын түстес қалқан нысанды. Белгінің жоғарғы бөлігі ортадан оңға және солға қарай бірдей тең 4 жапырақты лавр бұтақтарымен безендірілген.

Қалқанның беткі жағы көк түсті эмальмен қапталған. Қалқанда тік ось бойынша биіктігі 40 мм және ені 6 мм көк түстес Қазақстан Республикасының шекара бағанының суреті берілген. Шекара бағанының жоғарғы жақ бөлігі алтын түстес. Баған суретінің жоғарғы шеті мен көк түске ауысатын сызыққа дейін 6 мм. Бағанға жасыл түстегі шеңбер мен оған салынған кара-көк түстегі бес бұрышты жұлдыз түріндегі Шекара қызметінің эмблемасы салынған. Шеңбер мен жұлдыз ені 0,5 мм алтын түстес жолақпен жиектелген. Жұлдыздың ортасында диаметрі 3 мм алтын түстес күн бейнеленген. Шеңбердің диаметрі 12 мм, жұлдыз сәулелерінің ұзындығы 6 мм, жұлдыздың жоғарғы сәулесі мен белгінің жоғарғы шетіне дейінгі аралығы 8 мм. Эмблема астында қалықтап ұшқан алтын түстес қыран бейнеленген. Оның қанат ұштарының аралығы 16 мм. Белгінің астыңғы жағын кара-көк түспен екі жолға жазылған "Құрметті

шекарашы" деген сөзі бар алтын түстес лента жауып тұр. Лентаның ені 5 мм, әріптердің биіктігі 1,6 мм. Лентаның ұштары белгінің сыртқы жағында бейнелі айқаса отырып, лентаның астынан оң және сол жақтан 2 мм болып бет жағына шығады.

Белгінің сыртқы бетінде оның реттік нөмірі берілген және наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

Белгінің көлемі: биіктігі - 40 мм, ені - 23 мм.

Омырауға тағатын

"Құрметті шекарашы" белгісі

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің 2002 жылғы 27 мамырдағы

№ 882 Жарлығымен бекітілген

"Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" естелік медалінің СИПАТТАМАСЫ

"Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" естелік медалі (одан әрі - медаль) 34 мм диаметрлік алтын түстес металл шеңберден (дискіден) тұрады. Медальдің диаметрі бойынша биіктігі 1 мм және ені 1,5 мм шығыңқы ернеуі болады.

Медальдің жоғарғы бөлігінде диаметрі 12 мм көлемдік айшықты шаңырақтың (үйді, мемлекетті рәміздейді) бейнесі бар. Шаңырақтың астында, оның төменгі бөлігін жауып бір қырынан тұрған айшықты бүркіттің басы (үйді, халықты, мемлекетті қорғауды рәміздейді) бейнеленген. Бүркіт басының көлемі 19 x 16 мм, көлемді етіліп жасалған. Ернеуді бойлай сағат тілі бойынша "Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" жазуы бар. Әріптердің биіктігі 2 мм. Бүркіттің бас бейнесі астында медальдің төменгі ернеуін бойлай "Қазақстан" деген жазулы лента бар. Лентаның ені 4 мм. Әріптердің биіктігі 2 мм.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы көлемі 55 x 34 мм екі алтын түстес жолақтары бар көгілдір жібек матамен қапталған алты бұрышты тағанға бекітіледі. Жолақтардың ені 3 мм. Жолақтардың аралығы 10 мм, таған шеті мен жолақтардың аралығы 9 мм. Тағанның төменгі бөлігі құлақшадан оңға және солға қарай бірдей тең алтын түстес лавр бұтақтарымен көмкерілген. Бұтақтарда

төрт-төрттен лавр жапырағы бар.

Тағанның сыртқы бетінде наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

"Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін" естелік медалі

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің 2002 жылғы 27 мамырдағы

№ 882 Жарлығымен бекітілген

"Шекараны үздік күзеткені үшін" естелік медалінің СИПАТТАМАСЫ

"Шекараны үздік күзеткені үшін" естелік медалі (одан әрі - медаль) күміс түстес, көне күміс реңімен көмескіленген диаметрі 32 мм металл шеңбер (диск) болып табылады. Медальдің диаметрі бойынша екі жағында биіктігі 1 мм және ені 0,5 мм шығыңқы ернеу бар.

Медальдің бет жағында айшықты шаңырақ суреті аясында орта осі бойынша тігінен Қазақстан Республикасының елтаңбасы бар шекара бағанының суреті орналасқан. Қазақстан Республикасы елтаңбасының көлемі 3,2 x 3 мм, шекара бағаны 27 x 5 мм, шаңырақ суретінің диаметрі 24 мм. Медаль ернеуі мен шаңырақ арасында он және сол жақтарында бірдей тең орналасқан екі бұтақтан тұратын лентамен оралған лавр дестесі түріндегі ою орналасқан. Лентаның ені 2 мм.

Медальдің сыртқы бетінде, оның жоғарғы бөлігінде төрт жолға "Шекараны үздік күзеткені үшін" деген жазу жазылған. Әріптердің биіктігі 2 мм. Жазу астында қалықтап ұшқан қыран бейнесі орналасқан. Оның канаттарының аралығы 24 мм.

Барлық кескіндер мен жазулар шығыңқы.

Медаль құлақша мен шығыршық арқылы жоғары жағы жібек қатқыл лентасымен қапталған бесбұрышты тағанға бекітіледі. Тағанның көлемі 28 x 18 мм, лентаның ені 24 мм. Тағанның төменгі бөлігі ұлттық ою-өрнекпен безендірілген. Лентаның оң және сол жақ қапталын бойлай тігінен ұзына бойына көгілдір жиек, содан кейін кезектесіп жасыл, сары, жасыл, сары, ортасында - аспанкөк жолақтар орналасқан. Көгілдір жиектің, жасыл және сары жолақтардың ені 1,5 мм, аспанкөк жолақтың ені 9 мм.

Тағанның сыртқы жағында наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

"Шекараны үздік күзеткені үшін"

естелік медалі

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Президентінің 2002 жылғы 27 мамырдағы

№ 882 Жарлығымен бекітілген

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің ардагері" естелік медалінің

СИПАТТАМАСЫ

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" естелік медалі (одан әрі - медаль) ұлттық қауіпсіздік органдары эмблемасының көлемді бейнесі - диаметрі 12 мм дөңгелек қалқан бейнеленген диаметрі 34 мм металл шеңбер (диск) болып табылады. Қалқанда көлемді келтірілген шаңырақ (үйді, мемлекетті рәміздейді) бейнеленген. Шаңырақтағы сызықтардың ені 0,6 мм, аралығы 0,6 мм, ұзындығы 9 мм, сызықтар арасындағы аралық 0,6 мм. Шаңырақтағы нүктелердің диаметрі 0,6 мм.

Қалқанның астыңғы жағын ала ені 2,6 мм және ұзындығы 30 мм лента орналасқан. Лентада "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу жазылған. Әріптердің биіктігі 1 , 7 м м .

Лентаның бүгілетін жерлерінің үстінде бірдей тең түрде мемлекеттің гүлденуін бейнелейтін қызғалдақ жапырағы мен қауыз жарған гүл түріндегі ою о р н а л а с қ а н .

Қалқанның астында ортада тігінен найза орналасқан, сабының жуандығы 0,6 мм, найза ұшының биіктігі 6 мм. Найзаның ұшындағы тұмардың көлемі 3,5 x 7 м м .

Медальдің диаметрі бойынша биіктігі 1 мм және ені 1,5 мм болатын шығыңқы ернеу бар. Ернеуді бойлай сағат тілі бойынша "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері" деген мәтін жазылған. Әріптердің биіктігі 1,2 мм. Мәтін көлемдікте орындалған. ҰҚК эмблемасының астында көлемді лавр бұтағы (борыш, даңқ, айбынды рәміздейді) орналасқан. Оның көлемі 23 x 5 мм.

Медаль кұлақша мен шығыршық арқылы көк түсті екі жолағы бар сұр түсті жібек матамен қапталған алтыбұрышты тағанға бекітіледі. Тағанның биіктігі 55 мм, ені 34 мм. Жолақтардың ені 3 мм, жолақтардың аралығы 10 мм, таған шеті

Тағанның сыртқы жағында наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

**"Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері"
естелік медалі**

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Президентінің 2002 жылғы 27 мамырдағы
N 882 Жарлығымен бекітілген

**Омырауға тағатын үшінші, екінші және бірінші дәрежелі
"ҰҚК-КНБ-Қазақстан" арнаулы белгісінің
СИПАТТАМАСЫ**

Омырауға тағатын "ҰҚК-КНБ-Қазақстан" арнаулы белгісі (одан әрі - белгі) - көлемді шығыңқы ернеумен жиектелген, көтеріңкі қырланған ұштары бар сегіз бұрышты жұлдыз (1-дәрежелі - алтын түсті, 2-дәрежелі - күміс түсті, 3-дәрежелі - қола түсті) болып табылады. Жұлдыздың ұштарынан алғанда диаметрі 35 мм, қырларының ені 1 мм. Жұлдыздың жалпы аясы көк түсті эмальмен қапталған. Жұлдыздың ортасында диаметрі 22 мм дөңгелек қалқан бейнеленген, оның түсі көлемді шығыңқы ернеудің түсімен сәйкес келеді.

Қалқан қондырмалы, көлемді нысанды, орта тұсында көк түсті эмаль бүркілген және аралығында: "ҰҚК" (Ұлттық қауіпсіздік комитеті), "КНБ" (Комитет национальной безопасности) түрінде қысқартылған жазу мен "Қазақстан" деген сөз орналасқан көлемдік көтеріңкі екі ернеумен көмкерілген. Әріптердің биіктігі 1,5 мм, ернеулердің аралығы 3 мм. Мәтіндер әрбір жазудың дербестігін білдіретін көлемдік көтеріңкі нүктелермен бөлінген. Әріптер мен нүктелердің түсі белгінің дәрежесіне байланысты.

Қалқанның орталық бөлігінде қырағы көз тастап отырған қыранның (мемлекет мүддесі сақшысының рәмізі) көлемдік қондырмалы бейнесі орналасқан. Қыранның басы сол жаққа бұрылған. Қыранның бейнесі: 1-дәрежеде - алтын түспен, 2-дәрежеде - күміс түспен, 3-дәрежеде - қола түспен жасалады. Қыран бейнесінің көлемі 18 x 6 мм.

Белгі көлемі 26 x 16 мм құлақша мен шығыршық арқылы тікбұрышты тағанға бекітіледі. Тағанның ортасында көлемі 22 x 10 мм көк түсті эмальмен қапталған тікбұрыш бар. Оның үстінде диаметрі 8 мм ұлттық қауіпсіздік органдарының

эмблемасы орналасқан. Таған мен эмблеманың түсі белгінің дәрежесіне
б а й л а н ы с т ы .

Белгі мен таған жез тәрізді немесе мыс-никель қоспасынан жасалады. Мәтін астының аясы көмескіленген. Белгінің сыртқы жағында наградталушының киіміне қадауға арналған тиісті бекіткіш бар.

Омырауға тағатын
"ҰҚК-КНБ-Қазақстан"
арнаулы белгісі

(белгінің суретін қағаз мәтіннен қараңыз).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК